

## Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 қазандағы № 40-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 қазанда № 5854 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 наурыздағы № 31-10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 20.03.2025 № 31-10 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдері туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Тасқала аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есе жоғарлатылсын.

**2. 01.01.2020 дейін қолданыста болды - осы шешімнің 5-тармағына сәйкес.**

3. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Т.Ержигитова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы шешімнің 2-тармағының қолдану мерзімін 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін деп белгіленсін.